

Жетісу

университеті

ALMATY OBLYSTYQ QOǴAMDYQ-SAIASI JASTAR GAZETI
АЛМАТИНСКАЯ ОБЛАСТНАЯ ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ МОЛОДЕЖНАЯ ГАЗЕТА



Қуат БАЙМЫРЗАЕВ,
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің
Басқарма төрағасы - ректор г.ғ.д., профессор

ерекше тоқталып, Үкіметтің алдына белгілі бір міндеттер қойды, оның бірі: жыл сайын әлемнің жетекші ғылыми орталықтарында 500 ғалымды тағылымдамадан өткізуге жағдай жасау.

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде 2020-22 жылдарға арналған ғылыми және ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыру шеңберінде жалпы сомасы 194,7 млн. теңге болатын 6 жоба орындалуда.

Университеттің оқытушылары жыл сайын халықаралық, республикалық және басқа да гранттық бағдарламаларға, ұлттық конкурстарға қатысады. 2022 жылдан бастап университет Horizon 2020 European

құралдарын өзірлеу, бірлесе халықаралық конференция ұйымдастыру жоспарлануда.

Сондай-ақ, Смоленск мемлекеттік университеті (РФ) және Горно-Алтайск мемлекеттік университетімен бірлескен «Білім және ғылым саласындағы халықаралық ынтымақтастық бағдарламасы» атты білім беру жобасы іске асырылуда. Жобалар шеңберінде: магистрлік және докторлық диссертацияларға ғылыми жетекшілік; профессорлық-оқытушылар құрамы мен студенттердің академиялық ұтқырлығы сияқты жұмыстар атқарылуда.

Университеттің профессорлық-оқытушылар құрамы мен ғалымдары, ғылыми-зерттеу тобының мүшелері, ғылыми кеңесші ретінде



СЕМИНАР МЕН ЖӨРМЕНКЕ



2 бет

УЧИТЕЛЬ, перед именем твоим...



5 бет

ҚАЛАМҒЕРДЕН ҚОЛТАҢБА



6 бет

Биле, ЖҮ!



7 бет

ЖЕТИСУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ҚАЗАҚСТАН ҒЫЛЫМЫН ДАМУЫҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Ғылым – экономикалық, әлеуметтік, техникалық дамуды қамтамасыз ететін стратегиялық маңызды сала. Сол себепті әлемнің көптеген елінде ғылым саласын дамытуға, оның тиімділігін арттыруға жіті көңіл бөлінеді.

Біздің елімізде де ғылымды дамыту мен тиімділігін арттыру жолында көптеген шаралар жүзеге асуда. Олар ғылыми-зерттеу қызметін жан-жақты ынталандыруға бағытталады. Атап айтсақ, жалпы ғылымды қаржыландыруды ұлғайту, ғылымды қаржыландырудың 3 нысанын енгізу (базалық, гранттық және бағдарламалық-нысаналы), халықаралық ынтымақтастықты кеңейту, әлемдік ғылыми орталықтармен бірлескен зерттеулер, зерттеу университеттерін ашу т. б.

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті студенттерге білім беруден шектелмей, ғылыми жетістіктер негізінде жаңа білімді игеруге күш салуда. Осылайша, ғылыми ізденіске тек оқытушылар ғана емес, университеттің көптеген студенті, магистранттары мен докторанттары тартылған. Бүгінде Жетісу университеті ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет субъектілері аккредиттеуден өткен инновациялық типтегі университет болып саналады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев ғылымды қаржыландыруды едәуір ұлғайтуды тапсырды. Мәселен, 2020-22 жылдары ғылымды қаржыландыру көлемі екі есеге ұлғайды, ал 2025 жылға қарай ғылымға жалпы ішкі өнімнің 1%-на дейін бөлу жоспарланып отыр. Мемлекет басшысы 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында ғылымды дамыту мәселесіне

Union funding for Research and Innovation бағдарламасы шеңберінде Еуропалық комиссияның қаржыландыруымен H2020 MSCA-RISE «Орталық Азия құқығы: Орталық Азиядағы құқықтық мәдениет және бизнес орта (Central Asian Law: Legal Cultures and Business Environments in Central Asia)» жобасына қатысатын болды. Жоба Орталық Азиядағы құқықтық мәдениет, басқару және іскерлік орта арасындағы өзара байланыс туралы жаңа білім мен саяси идеяларды игеруге бағытталған. Оны Еуропа мен Орталық Азияның 11 еліндегі 14 мекеме жүзеге асырады. Жоба шеңберінде шетелдік ғалымдар, зерттеулерді орындау мақсатында жоба орындаушыларының Қазақстанға келуі, семинарлар мен конференциялар өткізу жоспарланып отыр. Сонымен қатар, 2022 жылы І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті базасында QS World University Ranking 2022 рейтингінде үздік 70 жоғары оқу орны қатарына кіретін Цюрих университетінің Әлеуметтік және мәдени антропология департаментімен (Швейцария) бірлескен орталық құру жоспарлануда.

Педагогика және психология жоғары мектебінде Қ.Ыбырайымжановтың жетекшілігімен Таяу Шығыс университетінің (Түркия) профессоры, доктор Хусейн Узунбойлумен бірлескен «Білім берудің жаңартылған мазмұнына бейімделген болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру» гранттық қаржыландыру жобасы орындалуда. Жоба шеңберінде Web of Science немесе Scopus базасындағы басылымдарға мақала жариялау, жаңа технологиялар бойынша оқу

бөгде ұйымдардың ғылыми жобаларын іске асыруға жиі шақырылады. Олардың ішінде Г.Тулешова, З.Канаева, Д.Нұрғабұл, А. Абдухаирова, А.Тынысханова сынды ғалымдар бар.

2020 жылы ҚР Ауыл шаруашылық министрлігі мен БФМ-і арасында жасалған шартқа сәйкес, 2019-2023 жылдарға арналған «Тарбағатай мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» республикалық мемлекеттік мекемесі базасында «Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданының Тарбағатай МҰТП аумағында Сиверс алмасын (Malus sieversii) сақтаудың қазіргі жағдайын бағалау» жобасы жүзеге асырылуда. Жобаның ғылыми жетекшісі б.ғ.к. А.Бахтаулова. Ал университет базасында «Қайнар-АКБ», Талдықорған қаласындағы «Назарбаев Зияткерлік Мектебі» және т.б. кәсіпкерлердің тапсырысы бойынша шаруашылық келісімшарттағы ғылыми жобалар жасалып жатыр.

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын гранттық қаржыландыруға арналған «Jas Galym – 2021» және «Jas Galym – 2022» конкурстарының қорытындысы бойынша ақпараттық технологиялар (IT); агроөнеркәсіптік кешенді тұрақты дамыту және ауыл шаруашылығы өнімдерінің қауіпсіздігі; су ресурстарын, жануарлар мен өсімдіктер әлемін ұтымды пайдалану; экология; туризм бағыттары бойынша университетте жалпы сомасы 17 млн. теңгеге 15 жоба орындалуда.



СЕМИНАР МЕН ЖӘРМЕҢКЕ

1. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің 50 жылдығына орай «География пәнінен электронды білім беру ресурстарын пайдалану негізінде білім алушылардың функционалдық сауатын арттыру әдістері» атты семинар өтті. Семинарға география пәні мұғалімдері арнайы шақыртумен Ақсу, Ескелді, Көксу, Кербұлақ, Қаратал аудандары мен Текеліден келген. Талдықорған қаласынан да қатысушылар бар. Шара модераторы – облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығының әдіскері Ғалымжан Дихамбаев.



Семинар мақсаты – педагогтерге ғылыми-жаратылыстану бойынша таным арттыратын тапсырмалар құрастыруды және орындау жолдарын көрсету. I.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің жаратылыстану жоғары мектебінің оқытушы-дәріскері Г.Г.К. Е.Тоқпанов мұғалімдерді 8-9 және 10-11 сыныптарға арналған география пәнінен функционалдық сауаттылықты дамыту тапсырмаларын құрастыру және орындау жолдарымен таныстырды. 5 сағатқа созылған семинар әр өңірдің мамандарына

өзара тәжірибе алмасып, тың дүниелермен танысуға мүмкіндік берді.

Шара аясында Жетісу университетінің Мансап және жұмысқа орналыстыру орталығы «Бос орын» жәрмеңкеңісін өткізді. Қатысушыларға университеттегі жоғары мектептер мен білім беру бағдарламалары жайлы мәлімет берді. Басты идея – бакалавр мен магистратураны тәмамдаған түлектерді докторантураға оқуға шақыру.

Алтынай МАХИМОВА,
медиаорталық тілшісі

JETISŪ JASTARY-2022

I.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің 50 жылдығына орай «JETISŪ JASTARY-2022» аймақтық жастар форумы өтті. Шараға 9 колледж және Назарбаев Зияткерлік мектебінен жалпы саны 45 білімгер қатысты.

Сайыскерлер «Жерұйығым - Жетісуым» тақырыбында эссе жазу, бейнеролик арқылы оқу орның топтарын таныстыру және жобалардың презентациясын жасау, сондай-ақ «Жастар – қоғамның қозғаушы күші» шығармашылық өнер көрсету сынды 3 кезең бойынша сынға түсті.



Нәтижесінде Текелі кәсіптік колледжі студенттерінің бизнес жобасы үздік деп танылып, 1 орынға ие болды. «Zhansugurov college» - нің білімгерлері 2 орын алды. Ал, Назарбаев Зияткерлік мектебі мен «Zhansugurov college» - 3 орынға ие болды. Қатысушылар арнайы сертификат және сыйлықтармен марапатталды.

СПОРТ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ҰЛТТЫҚ СТУДЕНТТІК ЛИГА: ЖУ КОМАНДАЛАРЫ ЖЕҢІМШАЗ!

2 наурыз – 1 сәуір аралығында Алматы қаласында Оңтүстік Шығыс және Алматы қаласы бойынша аймақтық Ұлттық Студенттік Лига жарыстары өтті. Біздің университеттен 6 студент «Тоғызқұмалақ» командасында, 13 студент, «Волейболдан» қыздар құрама командасында және 12 студент «Футзалдан» ұлдар құрама командасында қатысып, өнер көрсетті.



Тоғызқұмалақ жарысының қортындысында I орын – Жансерік Есерхан мен Бекзат Бақбергенге, III орын – Амина Ордабайға берілсе, жаттықтырушы-оқытушы Ерлан Базарұлына ұлттық ойын шеберлерін баптағаны үшін Алғыс хат табысталды.

Ал Волейбол жарысында I.Жансүгіров атындағы ЖУ қыздар құрама командасы I орын, Қазақ спорт және туризм академиясы II орын, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті III орын алды.

Аймақтық жарыста жеңіске жеткен біздің команда жетекшісі: Берік Битлеуов, жаттықтырушы Ермек Данабеков, төреші

Қанағат Ахметов, футбол жарысының қортындысы да біздің командалар үшін сәтті болып, I орын – I.Жансүгіров атындағы ЖУ-ға, II орын – Сүлеймен Демірель атындағы Университетке, III орын – Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетіне бұйырды. Команда жетекшісі: Берік Битлеуов, жаттықтырушы Талғат Омашев.

Алматы қаласында өткен жарыстан жүлделі орын алып қайтқан спортшы-студенттерді 7 сәуір күні Жетісу университетінің Басқарма Төрағасы - Ректор Қуат Маратұлы құттықтап, жеңімпаздарға грамота мен медальдар табыс етті.



ЖҮЗУДЕН ӨТКЕН ЖАРЫС

9 сәуір күні университет бассейнінде студенттер арасында жүзуден жарыс өтті. I.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің 50 жылдығына арналған жарысқа Жаратылыстану, Құқық және экономика, Педагогика және психология, Дене шынықтыру және өнер, Техникалық ғылымдар жоғары мектептері мен Zhansugurov college студенттері қатысты.

Жарыс соңында командалық жарыста I орын – ЖУ колледжіне, II орын – Техникалық ғылымдар жоғары мектебіне, III-орын Жаратылыстану жоғары мектебіне берілді.

Жеке бағалауда ұлдар арасынан Әділет Оразбек 1 орынға, Жанат Еренғайыпов 2 орынға, Саян Қуаныш 3 орынға лайық деп

танылды. Ал қыздар арасынан 1 орынды А.Амангельдинова, 2 орынды А.Ергалиева, 3 орынды А.Мамырбаева иеленді.

Жарыстың бас төрешісі – Берік Битлеуов, бас хатшы – Мақсат Себепов, төрешілер: Дидарбек Сабитов, Дауренбек Емелханұлы, Талғат Рахатов.

ЖЕТИСУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ҚАЗАҚСТАН ҒЫЛЫМЫН ДАМУЫҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

СОҢЫ. БАСЫ 1 БЕТТЕ

Сараптау комиссиясының құрамына І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің жетекші ғалымдары, сондай-ақ Атамекен ӨКП, «Алматы облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы» ММ өкілдері кірді.

2021 жылы университеттің 5 оқытушысы «Болашақ» халықаралық стипендиясы шеңберінде жүзеге асырылатын «500 ғалым» жобасы бойынша жетекші жоғары оқу орындарында тағылымдамадан өту мүмкіндігіне ие болды: Б.Оксикбаев, Г.Сеитова – Хаджеттепе университеті, Ж.Есенбек – Нью-Йорк Кино Өнері Академиясы, А.Беделбаева – Омск мемлекеттік техникалық университетінде және Д.Калдияров – Вашингтон университетінде тағылымдамадан өтуде.

Университет оқытушылары Р.Тасболатова, А.Алдабергенова, М.Джақыпбекова және Д.Бекежанов «ЖОО үздік оқытушысы – 2021» республикалық конкурсындағы жеңісі

үшін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовтің қолынан төсбелгі алды. «ЖОО үздік оқытушысы» атанған әрбір жеңімпаз 2000 АЕК (6 млн теңге) көлемінде сыйақы алды. 2021 жылы университет тарихында тұңғыш рет философия докторы (PhD) Л.Қарашолақова дарынды жас ғалымдарға арналған мемлекеттік ғылыми стипендияның иегері болды.

Ғылымды дамыту мақсатында университет қабырғасында «Биотехнология және экология ғылыми-зерттеу институты» жұмыс істейді. Институт құрамына «Экология зертханасы»; «Биотехнология зертханасы» және «Молекулалық генетика және геномика зертханасы» кіреді. Биотехнология және экология ғылыми-зерттеу институты қызметінің мақсаты – білім берудің барлық деңгейлерін ұйымдастыру әдістері мен технологияларын жетілдіру бойынша қолданбалы зерттеулер жүргізу.

Университеттің ғылыми әлеуетін одан әрі дамыту үшін заманауи құрылғылармен жабдықталған, мамандандырылған зертханалық кешен салу жоспарлануда.

Мемлекетіміз индустриялық-инновациялық даму сатысына қадам басып отыр. Қазақстандық ғалымдардың пікірінше, бұл кезең қазіргі заманғы экономикалық талаптарға сәйкес ғылыми жүйені қайта бағдарлаумен сипатталады, демек, тиісті нормативтік көрсеткіштермен реттелетін ғылымды дамыту, құрылымдық, ұйымдастырушылық, кадрлық, инфрақұрылымдық және қаржылық қамтамасыз ету түбегейлі өзгерістерге жеткізуі тиіс.

Қорытындылай келе, елімізде ғылымға негізделген жоғары технологиялық өндіріс құру үшін нақты жағдайлар бар және жақын болашақта республика әлемдік нарыққа өзінің инновациялық өнімін ұсына алады деп сеніммен айтуға болады.



ТЕОРИЯНЫҢ САБАҒЫ МЕН ТӘЖІРИБЕНІҢ САЛМАҒЫ

Іс-тәжірибеден өту кезінде университет қабырғасында алған теориялық білімімізді іс жүзінде асыруға тырыстық. Алғашында ақпаратты қайдан және қалай алуды, сонымен қатар, алған ақпараттың дұрыс-бұрыстығын тексеруді үйрендік.

Журналиске қойылар бірінші талап – жаза білу. Кез-келген адам жаза алады. Бірақ, журналистің жазу стилі бөлек. Ол үшін тіл байлығымыз мол болу керек. Тәжірибеден өту кезінде әртүрлі кітаптар оқып, ауызекі сөйлеу тілін ақпарат тіліне, көркем тілге ауыстыруды үйрендім. Газетке мақала жазудың өз мәдениеті бар, онда адам аттары мен қызметін, даталар мен цифрларды қатесіз жазу маңызды. Грамматикалық, орфографиялық ережелер де қатаң сақталады.

«Білгенің бір тоғыз, білмегенің тоқсан тоғыз», – деп бекер айтылмаған. Тәжірибеден өту арқылы нағыз журналистің қандай болатынын, атқаратын қызметінің қаншалық ауыр екенін де түсіндім. Бұл мамандықты таңдағаным үшін еш өкінген емеспін.

Алматы облыстық «Жетісу» газетіндегі іс-тәжірибе маған іздену мен жазуды үйретті. Алғаш рет барған жиналыс, адамдардан пікір алғаным әлі күнге дейін есімде. Ешкім жаза сала жақсы материал дайындай алмайды. 2-3 бет мақаланы тәжірибелі мамандар тексеріп, қызыл қаламмен түзеп шыққанда үш беттен бір ғана бет мақала қалған күндер де болады. Мамандар түзеп берген материалдан өзімнің қай жерде қателескенімді көріп, оны түзетуді, сын қабылдауды үйрендім. Алғашында материалды таңмен таласа бастап, күн батарда аяқтайтынмын. Қазір бір материал жазуға кемінде бір сағат жеткілікті.

Журналист жылдам ойлап, жылдам жаза алу керек, сонымен қатар, толерантты болғаны абзал. Редакцияда жүріп төзімнің не екенін білдім, кітапқа деген қызығушылығым артты. Бұрын кітапты тегін берсе оқымайтынмын, қазір дүкендерден сатып алып оқып жүрмін. Алдағы уақытта журналистиканың қай саласына барсам да қажет болатын біраз дағды қалыптастырдым. Адамдармен ара-қатынасым, оларға деген көзқарасым өзгерді, өзім де біртіндеп өзгеріп келемін.

Кәмилә ТҰЯҚОВА

ЖАС ТАЛАШКЕРГЕ КЕҢЕС



Журналист мамандығын таңдағанда тек бір бағытта ғана ізденіп, сол бағытта жұмыс істеймін десең, қателесесің, талапкер. Себебі, журналистика саласының біз білмейтін қырлары өте көп. Бұлай айтуыма, газет редакциясында өткен практикама – себеп болды. Газет журналистикасы – көп ізденуді, талмай оқуды талап ететін қызықты сала. Практика барысында көп кітап оқып, шығармаларды талдап сөздік қорымды молайттым. Сол арқылы шабыт оянып, кез-келген тақырыпта мәтінді бастап кете алатын болдым. Тәжірибе барысында үйренгенім өте көп.

Көркем ТОҚТАБЕК

БІР СӨЙЛЕМ ЖАЗУ ҮШІН БІРНЕШЕ КІТАП ОҚЫДЫМ

Журналистика – өте қызық әрі ізденісті талап ететін саланың бірі. Журналистің білікті маман екенін жазған мақаласынан аңғаруға болады. Сол себепті мақала жазуды үйрену үшін газетке практикаға бардым. Практика барысында мақаланы кіріспеден қорытындыға дейін қалай жазуды, дұрыс сөз саптауды үйрендім. Мақала жазу оңай көрінгенімен терең ізденісті қажет ететінін түсіндім. Бір сөйлем жазу

үшін, сөздің мағынасын барынша ашу үшін түрлі кітаптар оқыдым. Осы практиканың арқасында өз мамандығымға деген қызығушылығым артты.

Гүлжанат НҰРАСЫЛ

журналистика және ақпарат БББ-ның 3 курс студенттері

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ ӨНЕР

ЖАҢА БАҒДАРЛАМА – ҚАЖЕТ МАМАНДЫҚ

2022-2023 оқу жылында Дене шынықтыру және өнер жоғары мектебінде мынадай жаңа Білім беру бағдарламалары ашылады. 6B01401 Алғашқы әскери дайындық және дене шынықтыру.

Білім беру бағдарламасының мақсаты – әскери және дене шынықтыру қызметін кәсіби түрде атқара алатын жоғары білікті мұғалімдерді дайындау.

4 жылдық оқу аяқталғанда «Бастапқы әскери дайындық және дене шынықтыру» білім беру бағдарламасы бойынша бакалавр біліктілігі беріледі.

Оқыту бағытының коды және классификациясы: 7M014 Жалпы дамыту пәні бойынша педагог кадрларды даярлау

Білім беру бағдарламаларының тобы: M006 Бейнелеу өнері мұғалімдерін даярлау;

Білім беру бағдарламасының атауы: 7M01404 – Көркем еңбек, графика және дизайн;

Бағдарлама түрі: Екінші цикл: магистратураның 7 деңгейі ҰБШ (Ұлттық біліктілік шеңбері)/ СБШ (Білім берудің салалық біліктілік шеңбері)/ ISCED (Білім берудің халықаралық стандартты классификациясы);

Берілетін дәреже: 7M01404 – Көркем еңбек, графика және дизайн білім беру бағдарламасы бойынша білім магистрі.



Кәсіби қызмет саласы	<ul style="list-style-type: none"> - білім беру (педагогикалық); - оқу-тәрбие; - оқу-технологиялық; - әлеуметтік-педагогикалық; - эксперименталды зерттеу және әдістемелік; - өнер және өндіріс; - жобалау; - көркемдік және шығармашылық; - ұйымдастырушылық және басқарушылық; - ақпарат және коммуникация
Кәсіби қызмет объектілері	<p>Оқу-тәрбие процесінде:</p> <ul style="list-style-type: none"> • жалпы білім беретін мектептер, лицейлер, гимназиялар; • кәсіптік мектептер мен лицейлер; • орта арнаулы оқу орындары; • жоғары оқу орындары;

— **Алефтина Сембаевна, помните ли Вы свой первый день в университете?**

— Да, этот день я очень хорошо запомнила. После завершения обучения в аспирантуре Московской сельскохозяйственной академии им. К. А. Тимирязева и успешной защиты кандидатской диссертации, я приехала в г. Талдыкорган и накануне учебного года была на приеме у ректора Жомарта Жапаровича. Меня приняли на работу преподавателем.

— **Как много Вас связывает с учебным заведением?**

— Ну, трудовую деятельность в Жетысуском университете им. И. Жансугурова я начала в 1995 году на кафедре анатомии и физиологии старшим преподавателем, затем работала доцентом с присвоением ученого звания доцента по специальности биология ВАК МОН РК (2003 г.). Я с большой теплотой и благодарностью вспоминаю моего наставника профессора Смаила Нусупа Наутаевича. В те годы он возглавлял кафедру и оказал большое влияние на мое профессиональное формирование не только как преподавателя, но и будущего руководителя. С 2002 года по 2008 год работала заведующей кафедрой биологии университета. С 2008 года возглавила центр инновационного развития, обеспечивающего

12 АПРЕЛЯ – ДАТА ПРАЗДНОВАНИЯ ДНЯ РАБОТНИКОВ НАУКИ В КАЗАХСТАНЕ, КОТОРАЯ ВЫБРАНА НЕСЛУЧАЙНО. ИМЕННО В ЭТОТ ДЕНЬ РОДИЛСЯ ВЫДАЮЩИЙСЯ УЧЕНЫЙ-ГЕОЛОГ, ПЕРВЫЙ ПРЕЗИДЕНТ КАЗАХСТАНСКОЙ АКАДЕМИИ НАУК КАНЫШ САТПАЕВ. ЧТО ВДОХНОВЛЯЕТ НА НОВЫЕ ИДЕИ ПРЕДСТАВИТЕЛЕЙ НАУЧНОЙ СРЕДЫ НАШЕГО УНИВЕРСИТЕТА? КАК ОНИ НАЧАЛИ СВОЙ ПУТЬ? КАКОЕ ЧУДО ТВОРЯТ? НА САМЫЕ ЛЮБОПЫТНЫЕ И ИНТЕРЕСНЫЕ ВОПРОСЫ НАМ ОТВЕТИЛА В ИНТЕРВЬЮ ЧЛЕН ПРАВЛЕНИЯ – ПРОРЕКТОР ПО НАУЧНОЙ РАБОТЕ БАХТАУЛОВА А.С.



— На базе высшей школы естествознания, научно-исследовательского института биотехнологии и экологии выполняются проекты по изучению видового разнообразия и сохранения растительности природоохранных территорий Жетысу, заключены договоры о сотрудничестве с национальными природными парками, в том числе и с ГНПП «Тарбагатай». На территории этого природного парка произрастают дикоплодовые леса яблони Сиверса. Проект выполняется совместно с сотрудниками парка.

— **В чем особенность яблони Сиверса?**

— Уникальные земли Жетысу расположены в окружении гор Джунгарского Алатау, это край, известный не только своими культурными и историческими памятниками, но и редким горным биологическим разнообразием, среди которого особое место занимает эндемик яблони Сиверса. Большой вклад в сохранение этого вида внесли академик А. Джангалиев, многие ведущие биологи Казахстана. Мои научные исследования связаны с изучением анатомии древесных плодовых растений и их зеленым черенкованием. Поэтому я попыталась внести небольшой вклад в изучение и сохранение этого редкого дикоплодового вида Жетысу.

— **Место науки в жизни и планах студентов?**

— Преподаватели проводят большую работу по привлечению студентов к научной работе, для этого в университете работают 63 научные кружки, в которых участвуют более 700 студентов. По результатам работы в кружках выполняются дипломные работы и проекты, студентами совместно с научными руководителями опубликовано более 300 статей, в том числе в странах ближнего и дальнего зарубежья (Россия, Польша, Чехия и др.). Ежегодно студенческие команды принимают участие в республиканских студенческих предметных олимпиадах, конкурсах научных работ. Так, по итогам 2021 года студенты университета завоевали более 175 призовых мест в олимпиадах и конкурсах различного уровня.

— **А какова роль науки в современном обществе?**

— Несомненно, уровень развитости науки служит одним из основных показателей развития общества, а также это показатель цивилизованного, образованного, современного развития государства. Наука выступает как социальная сила в решении глобальных проблем современности, например, в цифровизации, медицине, экологии. Как известно, бурный научно-технический прогресс является одной

из главных причин истощения природных ресурсов планеты, загрязнения окружающей среды. Поэтому наука должна развиваться опережающими темпами для предотвращения разрушительного антропогенного влияния, улучшения среды обитания человека.

— **Какие у Вас планы?**

— Всю свою сознательную жизнь я провела в родном Жетысуском университете, здесь я хотела бы и завершить свою трудовую деятельность.

— **Спасибо Вам за теплую беседу. Мы желаем Вам крепких сил, отмен-**

НАУКА – ПОЛКОВОДЕЦ, А ПРАКТИКА – СОЛДАТЫ

прохождение аккредитации образовательных программ университета. В дальнейшем руководила центром стратегического развития и оценки качества по вопросам стратегического планирования, науки и системы менеджмента качества, участия в национальном и мировом ранжировании вузов, аккредитации образовательных программ университета.

— **Насколько все изменилось?**

— С тех пор прошло уже 27 лет, и конечно, произошли большие изменения, которые коснулись не только самой системы высшего образования, академического процесса, но материально-технической базы университета. Например, были построены 5-этажный учеб-

Нургабыл Д. Н. Они внесли большой вклад в становление вузовской науки.

— **А чем на сегодняшний день занимаются Ваши сотрудники?**

— Сейчас под моим руководством работают отдел науки и коммерциализации научных проектов и центр международного сотрудничества и стратегического развития, которые возглавляют доктор PhD Карашолакова Л. Н. и Кайкибаева А. С. и работают молодые, креативные, инициативные сотрудники, владеющие иностранными языками. Деятельность этих структурных подразделений направлена на формирование внешней оценки и имиджа университета – организация подготовки и

ки. В основные функции лаборатории входит моделирование и конструирование роботизированных и электронных устройств, организация и проведение кружковой работы со студентами и магистрантами и проведение Олимпиады по робототехнике «РобоЖУ» среди школьников Алматинской области, создание рабочих прототипов, разработка программного обеспечения для проектов в сфере робототехники.

— **Поделитесь с нами новыми открытиями?**



— Сотрудниками лаборатории разработаны уникальные проекты по созданию автоматического бесконтактного термометра, CO2-метр-мониторинг микроклимата и др. Они ежегодно участвуют в конкурсах «Jas ǵalym», «Zhetysu – startup» и сейчас выполняют проекты по созданию автономного робота для сборки пластиковых бутылок «Scavenger», интеллектуальной парковки «SmartParking».

— **Над каким проектом сейчас идет работа?**



ный корпус, стадион, плавательный бассейн.

— **А в области образования?**

— К примеру, внедрение кредитной технологии, бурное развитие дистанционных технологий обучения, реализация академической мобильности, проведение институциональной аккредитации и аккредитации образовательных программ. Университет с 2015 года участвует в мировых и национальных рейтингах, в конкурсах грантового финансирования научных проектов, развивает сотрудничество с зарубежными вузами-партнерами.


— **Хотелось бы Вас поздравить с 50-летним юбилеем университета, где прошла большая часть жизни и днем работников науки. Расскажите, пожалуйста, как был открыт Ваш отдел?**

— Спасибо за поздравление. Он уже был открыт при моем трудоустройстве, в котором многие годы работала Филько А. А., под руководством проректора по научной работе

участия научных проектов преподавателей, обучающихся в международных и национальных конкурсах, предметных олимпиадах; проведение научных мероприятий, обучающих семинаров; организация стратегического планирования, академической мобильности и двудипломного образования с зарубежными и национальными вузами, участие в рейтингах, проведение институциональной и специализированной аккредитации образовательных программ и др.

— **Пара слов о робототехнике?**

— Лаборатория робототехники и мехатроники открыта в университете с 2016 года и занимается разработкой инновационных научно-прикладных проектов в сфере робототехни-



ного здоровья, великолепных идей и несомненных успехов!

— Спасибо большое. Уважаемые Куат Маратович и коллеги, поздравляю вас с 50-летним юбилеем нашего университета, с достижением уверенных позиций и значительных успехов в образовании и науки. Желаю дальнейшего развития, новых побед и надежных партнеров!



«Знание – море, школа – корабль»

Опыт – всему учитель



Нам хотелось бы выразить свою благодарность учителю-предметнику Сомовой Елене Вячеславовне, у которой нам посчастливилось пройти педагогическую практику в СШГ №14. Удивительная женщина и педагог с большой буквы, за плечами которой тридцатилетний стаж работы. Она прекрасный наставник, настоящий педагог и хороший друг, который умеет расположить к себе как своих учеников, так и молодых специалистов, будущих учителей.

Ее ученики отличаются особой любознательностью, охотно читают, декламируют, и всегда активно участвуют в процессе урока. Она умеет правильно формулировать задачи и проблемы урока, направлять рассуждения своих учеников в нужное русло, применять инновационные формы проведения уроков.

Подобно знакомила нас с современной системой оценивания, такими образовательными платформами как «Мектеп», «Кунделик», целенаправленно работала над усовершенствованием наших навыков в составлении КСП, указывая на недочёты, давала нам бесценные советы, анализируя каждый проведённый нами урок. Под ее чутким руководством мы овладели методами

УЧИТЕЛЬ,

перед именем твоим...

Ох, уж эта педагогическая практика! Долго же пришлось ее ждать со страхом. Было интересно, как все пройдет? И вот она пришла и стала для нас испытанием знаний, навыков в области русского языка и литературы, и не только. Главное, испытанием педагогических способностей. Ведь недаром практика называется педагогической. Наши теоретические знания проверили учителя, а вот умение общаться, объяснять, внушать и убеждать – ученики. Но обо всём по порядку.

За эти увлекательные пять недель мы не только наблюдали за работой настоящих профессионалов, но и нам предоставили возможность самим поучаствовать в жизни школы, как учителя. Уроки проводили в классах Хасеиновой Сании Несипказиновны, Клоковой Елены Валерьевны, Лих Ирины Владимировны и Ким Галины Фёдоровны. Хотелось выразить нашим наставникам огромную благодарность за чуткость и терпение, доброжелательность по отношению к нам, практикантам.

Как мы заметили, классы очень сплоченные, ребята активные, доброжелательные и, самое главное, высоко мотивированные к учебе, что обусловлено главным образом профессионализмом преподавательского состава, аутентичностью учебных пособий и техническим оснащением школы.

Педагогическая практика стала важным этапом в профессиональном самоопределении. Мы будем стремиться стать высококвалифицированными специалистами. А пока с нетерпением ждем следующего учебного года, чтобы вернуться, если будет возможно, в эту школу на практику.

Нам представилась прекрасная возможность пройти педагогическую практику в НИШ. Заместителем директора является очаровательная женщина, прекрасный педагог, отзывчивый руководитель, Мамлеева Салтанат Бекентаевна, которая в 5 семестре вела у нас практические занятия по методике преподавания русского языка.

Встреча со школьной администрацией и педагогическим коллективом принесла только положительные впечатления. Учителя-предметники старались оказывать всяческую помощь в проведении уроков, внеклассных мероприятий, помогали осуществлять психологическое исследование коллектива учащихся.



и приёмами проведения уроков.

Спасибо Вам, дорогая Елена Вячеславовна, за то, что стали для нас примером и той планкой, к которой мы в дальнейшем будем стремиться. Профессия учителя всегда была и будет уважаемой, уникальной и почётной.

Валерия ЗИМИНА, Саян АКЫЛБЕКОВ, Ильдар АСАТУЛИН, РЯЛ 411


Первый урок

Волнение? Переживание? Быть может, сомнение?
А может, мой первый урок заключение?
А может, и жизни моей продолжение?
Мой первый урок, может быть, нетерпение,
Мой первый урок – это много и мало.
Запомни сейчас, помни это и впрямь:
Куда бы по жизни тебя ни бросало,
Знай, каждый урок – это первый урок!

Алтынай САГАТАЙ, Диярам ИБРАГИМОВА,
Даяна ТУСТУКПАЕВА, Алена ВАРГЕНТИНА, РЯЛ 311



УВЕРЕННЫЙ ШАГ...



Педагогическую практику проходили в СШГ №12. Она открыла для нас возможность познать все стороны педагогической деятельности и значительно расширить наши представления об организации учебного процесса.

Татьяна НИКОЛАЕВНА, директор СШГ №12

За время практики мы приобрели бесценный опыт и навыки работы с классным коллективом с учетом его психологической структуры и уровня развития. Педагоги школы внесли свой неоценимый вклад в освоение нами процесса преподавания, но особую благодарность хотелось бы выразить Садыковой Гульнаре Сайфульмаликовне, учителю русского языка и литературы, за внимательное отношение и уделенное время, а также директору школы Андрияновой Татьяне Николаевне, которая в течение 5 семестра готовила нас к предстоящей педпрактике.

Еркежан СУЛЕЙМЕНОВА, Эльвира БАКТЫБАЙ,
РЯЛ 312





Гүлсім АҚАНҚЫЗЫ,
Филологтарды даярлау БББ-ның қызметкері

ӨМІРІМНІҢ КӨП ЖЫЛЫ ОСЫ ОҚУ ОРДАСЫНДА ӨТТІ...

- Гүлсім Ақанқызы, биыл біздің оқу орнының ашылғанына 50 жыл. Бұл мерейтой сіздің мерейлі мерекеңізбен қатар келіпті. Алғаш университетке келген кезіңізді еске алсақ?..

- Жолдасым Ғабит Тұрсынбай І.Жансүгіров атындағы Педагогикалық институттың Педагогика және психология кафедрасында қызмет етіп жүрген кезі еді. Маған «*Институтқа жұмысқа ауыссаң қалай болады?*..» деген ұсыныс айтты. Мен бірден келістім, өйткені осы білім ордасында оқып, білім алуды бұрыннан армандаушы едім. 1993 жылы сәуір айында қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасына жұмысқа келіп, сол жылы жазда оқуға түстім. Міне, сол уақыттан бері шынында 30 жыл болыпты, өмірімнің көп жылы осы шаңырақта өтті. Білім алдым, өсіп-өндім, балаларым да осында мамандық алды. Биыл қасиетті қарашаңырақтың ашылғанына 50 жыл, ол кезде менің жасым 10 да екен, өмірімдегі айтулы екі датаның бір жылға дөп келгеніне қуаныштымын.

- Одан бері 30 жылға жуық уақыт өтіпті. Үздік қызметкер, мықты маман болу үшін адам өзін қалай тәрбиелеп, алдына қандай мақсат қою керек деп ойлайсыз?

- Адам баласы жақсы маман болу үшін өз ісін жақсы көру керек. Бірге жұмыс істейтін әріптестерің, жұмыс орның – екінші отбасың. Сол ортадағы адамдармен жақсы қарым-қатынаста болу, сыйласу, құрметтеу, қиыншылықта қол ұшын соза білу ең маңызды қасиет. Өзімнен үлкендерден көп нәрсе үйрендім, білмегенімді сұрап отырамын. Ал кейінгі жастарға білгенімді айтып, үйретуден жалыққан емеспін. Жұмыс барысындағы жаңалықтардан қалыспай, оларды дәл уақытында, асқан жауапкершілікпен орындауға тырысып келемін.

- Немере тәрбиелеген әжесіз. Бала, немере тәрбиесінде жас аналарға айтар ақыл-кеңесіңіз қандай?..

- Құдайға шүкір, екі ұл бала тәрбиелеп өсірдім. Екеуі де мектепті үздік бітірді, жоғары білімді маман. Үлкен ұлым Олжас университетте тарих кафедрасында оқытушы болып жүріп, докторантураға оқуға түсті. Қазір 2 курсыңда оқып жүр. Елжасым заң факультетін бітіріп, Талдықорған қалалық полиция басқармасы, тергеу бөлімінде тергеуші. Әзірше бойдақ. Келінім Роза заң факультетінде оқытушы, әрі 1 курс докторанты. Өте тәрбиелі, білімді. Кішкентай немерем Кәрім 4 жаста балабақшаға барады. Атасы екеуіміздің еркеміз. Немеремізге телефон ұстатпауға тырысып ойындар ойнаймыз, ән айтамыз, би билейміз. Әр құбылысқа қызығады, көп сұрақ қояды, әр сауалына мұқият, асықпай жауап беріп, түсіндіруге тырысамыз.

Ғабен екеуіміз балалардың көзінше бір-бірімізге еш уақытта дауыс көтермейміз. Отбасындағы мәселелерді бірге шешуге тырысамыз. Балаларға үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болуды айтып жүреміз.

- Қазіргі жастардың кім кию үлгісіне, сөйлеу әдебіне көңіліңіз тола ма? Сіздің кеңесіңіз қандай?

- Қазіргі жастардың бәрі дұрыс киінбейді деп айта алмаймын. Кейбіреуі ғана сән үшін жырттық шалбар, ашық-шашық кофта киіп, шашын жалбыратып жібере салады. Қыздар әдемі ұзын шашын кей кездері буып немесе жинап қойса ғой?.. Көпшілік ортада қатты дауыс көтеріп, қарқылдап күліп жатқан қыздарға қарап, ата-анасы көрсе ұят болар еді деп ойлаймын. Өте әдемі киінетін, жүріс-тұрысы биязы қыздарға қарап қызығасың. Қыз ұлттың ұяты дегенді үнемі есте сақтап, сол үдеден тырысқанымыз абзал. Қыз балалар – болашақ ана, ал жігіттер – шаңырақ иесі, ел тұтқасы. Әр адам соны терең ұғына білуі керек.

- Сіздің ұғымыңызда «әдемі қартаю» деген не?

- Мәпелеп өсірген балаларыңның әрқайсысы тәрбиелі, жеке отбасы болып, жақсы жар таңдап, өмірге ұрпақ әкелсе... Әже ретінде немерелердің қылығын қызықтап, білмегенін үйренуге көмектессек... Туған-туыс, құда-жекжат, достар, қызметтестер арасында қадірлі, сый-құрметке лайық болсаң, жаныңдағы жарыңды құрметтеп, әрдайым мәртебесін көтеріп жүрсең, әдемі қартаю деген осы дер едім.

- Гүлсім Ақанқызы, уақыт бөліп, сұхбат бергеніңізге рақмет. Мерейтойыңыз құтты болсын! Жаныңызға жақын адамдарды қуаныш пен шаттыққа бөлеп, отбасыңыздың ғана емес қызмет етіп жүрген ортаңыздың да мерейін асқақтатып, жас ұрпаққа ақылшы АНА болып жүз жасауыңызға тілектеспін!

Сұхбаттасқан Гүлнәр ТӨРЕБЕКҚЫЗЫ,
Филологтарды даярлау білім беру
бағдарламаларының оқытушы-дәріскері, ф.ғ.к.

ҚАЛАМҒЕР ДЕН ҚОЛТАҢБА



19 сәуір Ф. Орманов атындағы кітапхана басқа күннен ерек студенттерге толы болды. Оған ықпал еткен І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің тәрбие жұмысы жөніндегі үйлестірушісі Мадина Болатқызы мен ф.ғ.к., профессор, абай-

қаламгер» атты шараға ықыласпен жиналған. Сырлы шығарма тереңіне үңіліп, кейіпкер тағдырына алаңдаған оқырман авторға сан сауалды жаңбырша жаудырды. Сүбелі өңгімеден рухани тұрғыда сусындап қайтқаны да хақ.

Қалам-қаруымен әдебиетке қызмет



танушы ғалым Сайлау Қажыбекұлы. Кеңінен тоқталсақ, Қазақстан журналистер одағының мүшесі, «Алтын қалам» және «Алтын тобылғы» әдеби сыйлықтардың иегері Есболат Айдабосын Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің студенттерімен кездесті.

Білімгерлер «Ұлттық рухты ұлық тұтқан

қылып жүрген жандардың бірі Есболат Айдабосын журналистік тәжірибесімен де, қолтаңба қойылған кітаптарымен де бөлісті. Әдеби бәйге тақырыбынан бастау алып, білім саласындағы мәселелер жайлы орнықты ой ербіген бұл басқосу жасқа да, жазушыға да ұнады деп сенеміз.

Алтынай МАХИМОВА

Біз Есболат Айдабосын деген жазушы ағамызбен кездестік. Бәлкім күлкілі естілер, алайда мен алғаш рет автордың жеке қолтаңбасы бар кітапқа ие болдым. Ішкі толқынысымды сөзбен жеткізу мүмкін емес. Ол кісінің салмақтылығы, жомарттылығы, қарапайымдылығы мені тәнті етті. Бұрынғы шығармаларды, кездесуден соң қайта оқу бір бөлек дүние екен. Шығарманы бірге жазғандай болдым! Өмірің өзің секілді жарқын болсын деген ізгі тілегіңіз үшін рақмет, аға!

Гүлнәз БОЛАТ, филологтарды даярлау БББ-ның студенті



Voice of ZHU

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің 50 жылдығына орай алғаш рет «Жетісу таланты» аясында «Voice of ZHU» атты университетшілік ән байқауы өткізілді. Бір айға созылған бұл жарысқа өтініш білдірген 7 жұптың төртеуі ақтық сынға жолдама алған болатын.

Үшінші орынды құқық және экономика, дене шынықтыру және өнер жоғары мектебінің білімгерлері Нұрболатұлы Алмас пен Ерғалиева Ақерке өзара бөліссе, екінші орынды педагогика және психология жоғары мектебі мен Zhansugurov college-нің студенттері Жалғасар Бағжанар, Төрехан Арнұр қанжығасына байлаған.

Жұлделі бірінші орынға дене шынықтыру және өнер, құқық және экономика жоғары мектебінен келген өнерпаз жұп Сабыржанова Ақбота мен Иманмадинова Динара жайғасып, университет атынан тағайындалған қаржылай сыйақымен марапатталды.

Алтынай ҚҰРМАНҒАЗЫҚЫЗЫ

«Қозы-Көрпеш – Баян сұлу»

КҮНІ «ӘУЛИЕ ВАЛЕНТИН» КҮНІН АЛМАСТЫРА АЛА МА?..

Қазақстанда аталып өтетін биресми мерекенің бірі – 15 сәуір. Бұл күнді Қозы Көрпеш – Баян сұлудың атымен атап, ғашықтар күні деп белгілеу бастамасы 1999 жылы көтерілген.

Мерекенің тарихы жайында Massaget сайты «Мәңгілік махаббат символына айналған Қозы мен Баян күнін атап өту туралы алғаш 1999 жылы қоғам және мемлекет қайраткері Дархан Мыңбай ұсыныс айтқан еді. Ол жастар ұйымдарын, оқу орындары мен бұқаралық ақпарат құралдарын ұлттық ғашықтар күнін мерекелеуге шақырды...

2011 жылы Алматы әкімдігінің жастар саясаты басқармасы 15 сәуірді – Ұлттық ғашықтар күні ретінде өздерінің ресми шараларына қосты. Ал 2012 жылы елордадағы Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің студенттері махаббат күнін қазақтың ұлттық «Ақсүйек» ойынымен жаңғыртып, жастар ойын-сауығын ұйымдастырды. Дәл сол жылы Көкшетаудың ерікті жастары да Қозы мен Баян күнін Тәуелсіздік алаңында атап өтті. Содан бері қос ғашықтың кіршіксіз сезімін дәріптеп, ұлттық мәдениетіміз бен салт-дәстүрімізге негізделген мерекені тойлайтын жастардың саны біртіндеп артып келеді», деп жазды. https://massaget.kz/mangilik_el/shanyirak/56780/

Біз бұл мереке туралы Жетісу университеті студенттерінің ойын білу үшін шағын сауалнама өткіздік. «Журналистика және ақпарат» Білім беру бағдарламасының студенті Әділ Құттыбаев «Бұл мерекенің жастар арасына кең таралуына интернет «қауымы» да күш салып жүр. Сәуірдің 15-і күні түрлі блогтарда мерекені қолдауға шақыратын жазбалар пайда болса, дәл осы күні виртуалды ақындар мүшәйрасы да жарияланады, негізгі мақсат – ғашықтар мерекесін насихаттау» дейді. Әділдің айтуынша, Қозы-Көрпеш – Баян Сұлу күні «Әулие Валентин» күніне балама ретінде белгіленгенмен, нәтиже аз. Ал «Филологтарды даярлау» Білім беру



Сурет интернеттен алынды

жастар мерекесінің қоғамға сіңіп кететіні сенетін адамдар біртіндеп көбейіп келеді.

P.S: ҚАЗАҚСТАНДА ЕКІ АДАМНЫҢ БІР-БІРІНЕ ДЕГЕН МАХАББАТЫН ПАШ ЕТЕТІН МЕРЕКЕДЕН ГӨРІ, ЕЛДІ, ҰЛТТЫ СҮЮГЕ ҮНДЕЙТІН МЕРЕКЕЛЕРГЕ БАСЫМДЫҚ БЕРІЛУІ ТИІС ДЕП ЕСЕПТЕЙМІН. МӘСЕЛЕН, ӘЛИХАН БӨКЕЙХАННЫҢ ТУҒАН КҮНІН БҮКІЛ ЖАСТАР БОЛЫП ТОЙЛАП ЖАТСА, ҚАНДАЙ ҒАЖАП! НЕБӘРІ 30 ЖАССЫНА ДЕЙІН ҰЛЫ ІСТЕР АТҚАРЫП КЕТКЕН ШОҚАН УӘЛИХАНОВТАЙ ТҰЛҒАНЫ ЖАСТАРДЫҢ АРНАЙЫ ҰЛЫҚТАЙТЫН КҮНІ БОЛСА, ТАМАША ЕМЕС ПЕ?..

Балауса ҚАСЫМХАН,
Журналистика және ақпарат
БББ-ның студенті

бағдарламасының студенті Рауан Олжабай, Қазақ халқы ежелден-ақ қыз бен жігіт арасындағы сезімді, махаббатты өзгелерге жария қылмай, жасырын ұстаған, сондықтан, оны жалпақ жұртқа жариялайтын арнайы күннің қажеті жоқ, десе «Жалпы даму бойынша» БББ-ның студенті Серікжан Жәрдембек бұл мейрамды тойлау дінімізге қайшы деп санайды.

40 шақты студент қатысқан сауалнама нәтижесінде жастардың пікірі үшке бөлінді. Бірінші бөлігі – Қозы-Көрпеш – Баян сұлу мерекесін атап өтуді қолдаса, бір бөлігі қарсы, үшінші тобы махаббат сезімі жасырын болуы керек деген ойда.

Жыл сайын Қозы –Көрпеш – Баян сұлу мерекесін насихаттау жолында түрлі шаралар өткенімен, 15 сәуір дәл 14 ақпан күнгі «Әулие Валентин» сияқты кең дәрежеде аталып өткен емес. Дегенмен, төл тарихымызда бар қос ғашықтың махаббатына негізделген



Қозы-Көрпеш – Баян сұлу мазары

Көктемнің бел ортасы, 15 сәуір 1. Жансүгіров атындағы оқу ордасы 50 жылдыққа орай талантты жандарға арнап «BILE JU» атты университетшілік заманауи би байқауын өткізді. Бақ сынасқан 7 команда: дене шынықтыру және өнерден «LEVEL», құқық және экономикадан «Black Mambo», жаратылыстанудан «Fire», техникалық ғылымдардан «Dance and fire», педагогика және психологиядан «Mad crew», гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің «Dance N' Beats» және Zhansugurov college «Sketch light».

Бағалау өлшемдері бойынша, орындаушылық шеберлігі, композициялық құрылымы, музыка мен хореографияның үйлесімділігі және сахналық мәдениеттің орындалатын нөмірге сәйкестігі ескерілген. Еңбек пен дарынның арқасында алға суырылып шығып, жеңімпаз атанған гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің «Dance N' Beats» тобы. Орын алған бишілеріміз арнайы дипломмен және ақшалай сыйақымен марапатталды. «Dance N' Beats» топ жетекшісі, ШТҚ 211 студенті Шұғыла Айбекқызымен сұқбаттасқан едік. Оқи отырыңыздар.

— Сахна сыртындағы Шұғыла қандай?

— Сахнадағы Шұғыла мен одан тыс – екі түрлі адам. Топ жетекшісі ретінде өте қатал талапталып болса, өмірде жұмсақ, көпшіл, жайдарлымын.



Биле, ЖҰ!

— Өнер көрсету алдында толқыныс бола ма?

— Болады, тек өзім үшін емес. Топқа жаңадан мүше болған жандар үшін алаңдап жүрем. Қалай болады екен, сүрінбей өтсек деген ойлар мазалайды, ара-тұра.

— Оны қалай жеңесіз?

— Сенім арқылы. Өйткені, олар да бимен айналысып, талай жерде жүйрік шығып, орын алып жүргендер. Осы дүние сабыр сақтауыма сеп.

— Өміріңіздегі «бидің» рөлі?

— Шынымды айтсам, мамандық тандаған кезде, би саласына кеткім келген, алайда белгілі бір себептермен бара алмадым. Бидің маңыздылығы сондай, тіпті бар өміріңді арнауға дайынмын.

— Қанша жыл айналысып келесіз?

— Бұл қызығушылық, анамның айтуы бойынша, 2-3 жасымнан туған. Бірақ, кәсіби тұрғыда – мектеп кезінен. 10 жылдың көлемі болды. Сол бір қызығушылық құштарлыққа, ол – ізденіс пен ұмтылысқа жетелеп келеді әлі де.

— Заманауи биден бөлек қандай түрлерін меңгердіңіз?

— Кез келген биге икемім бар. Бір қарағанның ақ іліп алып кете

аламын.
— Дайындық күніне қанша уақыт алады?



— Егер топпен дайындалсақ, 3-5 сағаттай.
— Командаңыз жайлы айтып өтсеңіз.
— Топтың атауы қазақша «би мен ырғақ» деген мағына береді. Менен бөлек төрт қыз бар. Есімдері Таңшолпан, Индира, екі аттас Аружан. Бұған дейін Аружан, Таңшолпан үшеуіміз университеттегі «Shine» тобында да бірге жұмыс істегенбіз.
— Өз қатарластарыңызға айтар тілегіңіз?
— Алдыға қойған мақсаттарына, ештеңеге

қарамастан, жеткендерін қалаймын. Қажырлы еңбектің не екенін жақсы біледі олар. Тек берілмесің, қызығушылықтарына қиянат жасамасын. Осы бір қоғамда әрқайсысы өз орнын табуына шын жүректен тілектеспін.
— Сәттілік серік болсын бастауларыңызға!
— Көп рақмет.
Алтынай МАХИМОВА

ОҚЫРМАНДАРҒА БЕЛГІЛІ «ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІ» ГАЗЕТІНІҢ №1 САНЫНДА «ЖЕТІСУ СУРЕТТЕРІНДЕГІ» ӨСІМДІК АТАУЛАРЫ» АТТЫ МАҚАЛА ЖАРИЯЛАП, ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВТЫҢ ӘЙГІЛІ ПОЭМАСЫНДАҒЫ ӨСІМДІКТЕРДІ УНИВЕРСИТЕТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МЕН СТУДЕНТТЕРІНЕ ЖІТІ ТАНЫСТЫРУ ҮШІН ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМИ БАҒЫТ БОЙЫНША БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОҚЫТУШЫ-ПРОФЕССОРЛАРЫН БІРІГІП ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ ШАҚЫРҒАН ЕДІК. ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒАЛЫМДАРЫ БҰЛ БАСТАМАНЫ ҚУАНА ҚОЛДАП, РЕДАКЦИЯҒА ІЛИЯС АҚЫН АТАҒАН 90 ЖУЫҚ ЖЕР ТҮГІНІ ҚАСИЕТІН ЖАЗЫП ЖІБЕРЕ БАСТАДЫ.

БІЗ ГАЗЕТІМІЗДІҢ ОСЫ САНЫНАН БАСТАП ІЛИЯСТАНУ МЕН ӨЛКЕТАНУ САЛАСЫНА КӨП ҮЛЕС ҚОСАТЫН ТАНЫМДЫҚ МАТЕРИАЛДАРДЫ ЦИКЛДІ ТҮРДЕ ЖАРИЯЛАЙМЫЗ. РЕДАКЦИЯ ҮНІНЕ ҚҰЛАҚ АСЫП, СТУДЕНТТЕРІН МАТЕРИАЛ ЖИНАУҒА ЖҰМЫЛДЫРҒАН АИДА МАУСЫМБАЕВАҒА АЛҒЫС АЙТАМЫЗ.

ІЛИЯС АТАҒАН

ЖЕТІСУДАҒЫ ЖЕР ТҮГІ

Қылша



Латынша: *Ephedra*
Орысша: *Хвойник*

Құрғақ климатты жерлерде: Солтүстік жарты шардың басым бөлігінде - Оңтүстік Еуропада, Солтүстік Африкада, Азияның оңтүстік-батысы мен орталығында, Солтүстік Американың оңтүстік-батысында, Ресейдің еуропалық бөлігі мен Батыс Сібір жазығының далалы жерлерінде және Оңтүстік жарты шарда, Оңтүстік Америкада таралған. Қазақстанда қылшаның Балқаш-Алакөл ойысында, Қаратау сілемдерінде, Жетісу (Жоңғар), Теріскей, Іле-Алатауларында, Қаратауда, Батыс Тянь-

Шаньда кездесетін 7 түрі бар.

Құрамында С дәрумені бар, жеуге жарамды. Қылшадан дәрілік зат – эфедрин, алкалоидтар алынады, өсімдік бойында илік заттар (пиракатехин, флобафен, т.б.) бар. Қылшаның бір түрі (*E. amatolepis*) эндемик болып саналады. Дәрілік өсімдіктер қатарына масақты қылша (*E. distachye*), қырықбуынды қылша (*E. equisetinc*), қызыл тамырлы қылша (*Ephedra intermedia*) түрлері жатады.

Қоға



Латынша: *Turpha*
Орысша: *Рогоз*

Биіктігі 3 – 4 м, сабағы ұзын және жуан төселмелі, батпақты-сулы жерлерде өседі.

Жапырағы жалпақ, таспа пішінді, сабағынан ұзын болып келеді. Бір үйлі, гүлі ұсақ дара жынысты, желмен тозаңданады. Гүл шоғы – собық. Маусым-тамыз айларында жеміс береді. Жемісі жаңғақша, ұшуға бейімделген қанатшасы болады. Қоғаны арқан, жіп, ыдыстар жасау және құрылыс материалы ретінде пайдаланады. Тамырында крахмалы көп болғандықтан ондатра, құндыз, жұпар тышқан, т.б. үшін таптырмас азық.

Қоға республикамыздың көл, өзен жағалауларында, батпақты жерлерде

жиі өседі. Қазақстанның солтүстік және оңтүстік облыстарының көлдері мен өзен жағалауларында жиі кездеседі. Дәрілік шикізат ретінде қоғаның тамырын күзде қазып алып, жел қақтырып, кептіреді. Жиналған тамыр құрғақ орындарда сақталады.


Қазақстанның Тобыл, Есіл, Ертіс, Балқаш, Алакөл, т.б. өзен-көлдердің жағалауларында және Қызылорда, Ақтөбе облыстарында кездесетін 7 түрі бар. Соның ішінде Қызылорда облысының Сырдария өзенімен Шиелі ауданынан басталып Қызылорда қаласының батысына қарай қоға және жіңішке жапырақты қоға көп кездеседі.

Сасықшөп

Латынша: *Leonurus*
Орысша: *Шуэтыршик*

Еуразияның қоңыржай белдемінде 15 түрі өседі. Қазақстанда Тобыл – Есіл, Балқаш, Ақмола, Ақтөбе, Қостанай облыстарында, Алтай, Тарбағатай тауларында, Күнгей, Жетісу (Жоңғар), Теріскей Алатауларында кездесетін 4 түрі бар.

Сасықшөптен алынған препараттары жүрек қантамыры неврозында, жүректің демікпелі ұстамасында (стенокардия), жүрек етінің қатаюында (кардиосклероз), жүрек бұлшық етінің қабынуында (миокардит), жүйке жүйесінің бұзылуында, қан қысымы көтерілгенде, бас айналғанда, ми зақымданғанда ішеді. Сондай-ақ, сасықшөптен алынған дәрі-дәрмекпен қояншық, Базедов ауруын емдейді. Халық медицинасында сасықшөпті шемен, ревматизм, асқазан аурулары, созылмалы ішек ауруларын емдеуге пайдаланады. Гүлінен ара бал жинайды.



Жыланқияқ



Латынша: *Iris halophila*
Орысша: *Ирис солелюбивый*

Көп жылдық шөп тектес өсімдік. Тамыры көлденең өседі, жуан әрі қысқа, ширатылған арқан тәрізді, қара қоңыр түсті. Түп жағындағы жапырақтары топтасып өседі, жалпақ таспа тәрізді, қатты тарамыс сияқты параллель жүйкелері айқын көрінеді. Ашалы гүл шоғыры ұшына ескен, күлгін түсті. Гүлінің жиегі - сары түсті. Жемісі - сопақша, 6 қырлы. Тұқымы –

қара-қоңыр түсті әрі қырлы келеді.

Өзен аңғарларында, атыз қырларында, сайлы бөктерлерде, дымқыл жерлерде өседі. Республикамыздың барлық жерінде бар.

Гүлі, тұқымы, тамыры емге қолданылады. Тәтті дәмді, салқын райлы, ұсыз. Қызуды басып, уытты қайтарады.

Анықтаманы дайындаған:

Аида МАУСЫМБАЕВА, Жаратылыстану жоғары мектебі,
Жаратылыстану ғылыми бағыт бойынша білім беру
бағдарламаларының оқытушы-дәріскері, а.ш.ғ.к.

Эльмира БАЙӘДІЛ, химия - биология мамандығының 2 курс білімгері

ҚҰРЫЛТАЙШЫ: І.ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІ

Медиаорталық басшысы
Баян Шаянбаева

Бас редактор: Н. Дутбаева
Тілші: С. Әшірбекова
Корректор: А. Махимова
Дизайнер: Н. Елшібеков
Фотограф: І. Базарханов

- Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникация министрлігі, Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитетінде 2018 жылғы 27 қарашада тіркеліп, № 17378-Г куәлігі берілген.
- «Жетісу университеті» газеті медиаорталықта теріліп, беттеледі.
- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Газет айына бір рет шығады.
- Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, «Алматы - Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:

Талдықорған қаласы,
Жансүгіров көшесі, 187а.
Байланыс телефоны: 312484

Индекс 64568
Тапсырыс №479
Таралым 2000 дана